

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 2 шілде бейсенбі № 25 (476)

■ Президент

ОТАН ҚОРҒАУ — ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақмола облысының Щучинск қаласында өткен «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында сөйлеген сөзі



«Айбын-2026» бағдарламасына әскери-спорттық, интеллектуалдық, шығармашылық және әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар енді. Биылғы жиын Қазақстанның бірнеше аймағынан, сондай-ақ Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінен келген 50-ден астам команданың басын қосты.

Мемлекет басшысы бұл өскелең ұрпақтың рухын шыңдайтын, оларды отаншылдыққа тәрбиелейтін өте маңызды іс-шара екенін атап өтті.

– Байрақты бәсекеде еліміздің ең мықты, ең жігерлі жас сарбаздары лайықты өнер көрсетті. Сондай-ақ Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресейден келген достас, бауырлас мемлекеттердің жастары бақ сынады. Бүгін мен бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Дүбірлі дода еліміз үшін шын мәнінде аса маңызды кезеңде өтіп жатыр. Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл – мемлекетіміздің келешегін айқындайтын, ұлтымыздың тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұтас жұртымыздың арман-мұратын тоғыстырған Ата заң, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданды. Кез келген елдің болашағы – өздеріңіз секілді отаншыл, білімді, еңбекқор, жасампаз және батыл жастардың қолында. Қазақстанның беделін арттырып, көшін алға бастайтын да – жалынды жастар! Мен сіздерге зор үміт артамын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент 1 шілде күні мемлекетіміздің Бас құжаты – Конституция заңды күшіне енетінін, осылайша, ел дамуының мүлдем жаңа дәуіріне қадам басатынымызды еске салды.

– Жаңа Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жаңғыруына негіз қалады. Мұндай күрделі өзгерістер еліміздің 35 жылдық тарихында да, одан бұрын да болған емес. Яғни Қазақстан сапалы ғылым негізінде өркендеу мен технологиялық өрлеу жолына түсті. Дегенмен қоғам бір мақсатқа жұмылып, ынтымақ-бірлік танытпаса, кез келген, тіпті мұқият сараланған мемлекеттік жоспардың өзі

қағаз жүзінде қалады. Туған жерге – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ұмтылатын білімді, ерік-жігері мол отаншыл жастар елімізді көркейтеді. Негізгі заңның түпкі мәні де осыдан көрінеді: Конституция шын мәнінде барлық парасатты және жасампаз күштерді, нағыз патриоттарды еліміздің стратегиялық бағдарының, яғни, реформалардың жалпыұлттық жоспары мен мақсаттары төңірегіне біріктіретін берік тұғырнама іспеттес. Жаңа Конституциямыз – барша халықтың, әсіресе, өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық бағдары, өмір жолындағы темірқазығы. Осы бағыттан айнымасақ, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаймыз, азаматтарымыз заң мен ел мүддесіне құрметпен қарайтын лайықты өмірге қол жеткізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, патриот болу дегеніміз – мемлекеттің саясаты мен стратегиясын іс жүзінде қолдау, ел игілігіне үлес қосу, туған жердің тағдыры үшін жауапкершілік алу.

– Осы қасиетті борыштың қатарында Отан қорғау ерекше, киелі парыз саналады. Әскери қызмет – азаматтықтың белгісі әрі қастерлі конституциялық міндет. Біз Қарулы күштерді дәйекті түрде жаңғыртуды қолға алдық. Армияға және әскери білім беру жүйесіне цифрлық технологиялар, жасанды интеллект пен даярлықтың озық стандарттары белсенді түрде енгізілуде. Бұл – заман талабы. Сондықтан қазіргі күрделі сын-қатерлерге төтеп беру үшін дайындығымыз сақадай-сай болуы қажет. Әрбір мүмкіндікті мемлекеттің іргесін бекемдеп, қуатын арттыруға пайдалану керек. Біздің негізгі міндетіміз – кәсіби деңгейі жоғары әскерилерді тәрбиелеудің тиімді жүйесін қалыптастыру.

Қазіргі уақытта әскерилер жан-жақты дамыған, қоғам өмірінің барлық саласына үлес қоса алатын үлгілі тұлға екенін көрсетуге тиіс. Бүгін арнайы келген Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжді осындай табысты жұмыстың жарқын мысалы ретінде атауға болады.

Жалғасы 2-бетте.

**ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯНЫҢ
КҮШІНЕ ЕНУІМЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**



Құрметті Ақмола облысының тұрғындары!

Сіздерді маңызды тарихи күнмен – 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституцияның күшіне енуімен құттықтаймын. Осынау маңызы айрықша құжаттың қабылдануына қолдау білдіріп, азаматтық үнін қосқан барша ақмолалықтарға алғыс білдіремін.

Жаңа Конституция мемлекеттілікті нығайтудың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің, қоғамдық келісім мен мемлекетіміздің тұрақты дамуын сақтаудың берік негізіне айналады. Конституция бәрімізді ортақ құндылықтар – заң мен тәртіп үстемдігі, әділдік, өзара құрмет, жауапкершілік және жасампаз еңбек төңірегінде біріктіреді.

Бүгінде Ақмола облысы еліміздің басты астықты өлкесі бола отырып, Қазақстанның дамуына лайықты үлес қосып келеді. Тұрғындарымыздың бірлігі, еңбекқорлығы мен белсенді азаматтық ұстанымының арқасында маңызды жобалар жүзеге асырылып, экономикалық әлеуетіміз артып, әлеуметтік сала жетіліп, жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылуда.

Конституциялық принциптерге сүйене отырып біз алдағы уақытта да тұрғындарымыздың әлауқатын одан әрі жақсартып, алға қарай нық қадам басатынымызға сенімдімін.

Марат АХМЕТЖАНОВ,
Ақмола облысының әкімі.

■ Білім көкжиегі

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХЫ БАР ОҚУ ОРНЫ

Жаңаесіл ауылының индустриялық технологиялар және сервис колледжі 70 жылдық мерейтойын атап өтті!

Бұл мереке мақтаныш сезімге, жылы естеліктер мен шынайы қуанышқа толы болды. Аталмыш мерекелік жиынға жоғары дәрежелі және ең құрметті қонақтар келді, олардың қолдауы мен назары бұл күні өте маңызды болды.

Атап айтқанда, Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы, аудан әкімі; Гамазов Валерий Георгиевич, білім басқармасы басшысының бұрынғы орынбасары; Нұралин Нәжіден Маратұлы, Ақмола облысының техникалық және кәсіптік білім беру орталығының бөлім басшысы, колледждің



құрылған күнінен бастап әр жылдары оқу орнын басқарған және оның табысының берік негізін қалаған құрметті зейнеткер-педагогтар.

Мереке меймандар үшін қызықты экскурсиядан басталды. Олар колледждің қалай өзгергенін және заман ағымынан қалыспай алға басып келе жатқандығына көз жеткізді. Қазіргі заманғы оқу зертханалары мен жарақтандырылған материалдық-техникалық базаны бағалады, онда бүгінде сұранысқа ие мамандар тәрбиеленуде.

Мерейтойлық күннің шарықтау шегі үлкен концерттік бағдарлама болды. Салтанатты бөлімді колледж тарихы туралы мұрағаттық бейнефильмнің көрсетілімі ашты. Шежіренің кадрлары, игі істің бастауында тұрғандардың жүздері және оқу ордасының дамуының хронологиясы алғашқы күндерден бүгінгі күнге дейінгі оқиғалар ешкімді бей-жай қалдырмады, мәдени кешке терең және әсерлі реңк берді.

Жаңаесіл ауылының индустриялық технологиялар және сервис колледжінің 70 жылдық мерейтойына орай «Нан себеті» оқу-өндірістік шағын кәсіпорны-наубайханасының салтанатты ашылуы өтті.

Бұл маңызды оқиға колледждің материалдық-техникалық базасын дамытуда және студенттерді практикалық даярлау үшін заманауи жағдайлар жасауда маңызды кезең болды.

Символдық лентаны кесудің құқығы аудан әкімі Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы мен Валерий Георгиевич Гамазовқа берілді. Наубайхана ашу «тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының білім алушыларына кәсіби дағдыларын жетілдіруге, нақты өндіріске барынша жақын жағдайларда практикалық тәжірибе алуға, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Р. ҚАДІРЖАН,
өз тілшіміз.

Жаңаесіл.

■ Президент

ОТАН ҚОРҒАУ — ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақмола облысының Щучинск қаласында өткен «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында сөйлеген сөзі



Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

Биыл оқу орнының құрылғанына 30 жыл толады. Осы уақыт ішінде колледж сержанттық құрамға 4,5 мыңнан аса жоғары білікті маман даярлады. Бұл бірегей тәжірибе халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына баса мән беретінін жеткізді.

– Алдымызда стратегиялық маңызды міндет тұр. Мемлекетіміздің басты құндылықтарын жете түсініп, жүрекпен қабылдайтын жастар тәрбиелеуіміз керек. Бұл құндылықтар – Тәуелсіздік пен Егемендік, елдің аумақтық тұтастығы, азаматтарымыздың заңды құқықтары мен бостандықтары, Қазақстанды Әділ, Құқықтық және Озық мемлекетке айналдыру. Әскер қатарындағы қызмет шынайы патриоттарды тәрбиелейтін маңызды, тіпті, басты мектепке айналғаны жөн. Дәл осы себепті әскери дәстүрлерді «Адал азамат – Сарбаз – Отан қорғаушы» қағидатына сай жаңғырту жөніндегі бастамаға қолдау білдірдім. Бұдан былай әскерге шақыру, ант қабылдау және әскери қызметтен босату секілді үш кезең мемлекеттік протокол тәжірибесіне сәйкес жаңа форматта, ерекше салтанатпен ұйымдастырылады. Мұндай есте қаларлық рәсімдер аталған іс-шаралардың мән-маңызын арттырып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтады. Сонымен қатар жастар арасында және жалпы қоғамда әскердің беделін айтарлықтай көтереді. Сарбаз болу – зор мәртебе. Қарулы күштер сапында борышын өтеген әр азамат көпшілік құрметіне бөленуі керек. Баршамыз бірге күш жұмылдырсақ, ата-аналар әскери саланы тандаған ұл-қыздарын мақтан тұтатындай жағдайға жететінімізге сенімдімін. Баскаша айтқанда, Отан алдындағы жауапкершілік барлық салада жоғары деңгейде адал еңбек етуден көрінеді. Әскери қызмет те осы санатта. Мемлекеттік рәміздерге құрмет және азаматтық жауапкершілік жастар дүниетанымының өзегіне айналуда тиіс. Соғыс өрті тұтанып, әскери қақтығыстар ушыққан, мемлекеттер санкциядан көз ашпаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Әлемдегі ахуалды алдын ала болжау барған сайын қиындап барады. Осындай кезде ел келешегіне енжар қараудың салдары кейін өзімізге ауыр тиюі мүмкін, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда, Президент елімізде жасақталған «Жас сарбаз» қозғалысының айрықша рөліне назар аударды.

– Озық құндылықтарды дәріптейтін ұйымның қатарында 280 мыңнан астам мектеп оқушысы және студент бар. Әскери-патриоттық бірлестіктерде тәрбие алған азаматтардың көбі болашақ өмірін әскери қызметпен, құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік жүйесімен байланыстырады. Мен Мемлекет басшысы ретінде жастарымыздың осындай ұмтылысын толық қолдаймын. Сіздердің

араларыңызда қазірдің өзінде елеулі табысқа қол жеткізіп, құрдастары мен ізінен ерген інілеріне үлгі көрсетіп жүрген жандар бар. Бүгін осы жиынға Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтын тәмамдаған үздік түлек Арман Оңдасынов қатысып отыр. Жақында Мемлекеттік рәміздер күні аясында оған аға лейтенант офицерлік атағын өз қолыммен табыстадым. Сонымен қатар бүгінгі іс-шараға «Айбын» халықаралық жарысының өткен жылдардағы жеңімпаздары келді. Жыл сайынғы әскери-патриоттық жиында еліміздің әр өңірінің және достас елдердің талантты жастары бас қосады. Мұның мәні зор. Орайлы сәтті пайдаланып, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзербайжан елдерінен келген қонақтарымызға бастаманы қолдап, оған белсенді қатысқаны үшін алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған ауқымды жоба осы жылдар аралығында нағыз патриотизм мектебіне айналғанын, мыңнан аса жігіттер мен қыздарды бір тудың астына біріктіргенін айтты.

– Жастар мұнда әділ бәсекеге түсіп, темірдей тәртіптің не екенін біледі. Қысылтаянда бір-біріне қол ұшын созуға және командада жұмыс істеуге үйренеді. Жарыстар тек физикалық төзімділік пен күшті ғана сынап қоймайды, ақыл-ой ұшқырлығын, тапқырлық пен шығармашылық қабілетті де шыңдайды. Сондықтан «Айбын» жиынының ең басты миссиясы – Қарулы күштер қатарында кәсіби деңгейі жоғары, интелектуалды элита қалыптастыру. Мұндай кездесулер халықаралық ынтымақтастықты нығайтады. Өзара тілеуестікті күшейтіп, халықтарымыз арасындағы достық, бірлік және түсіністік қағидаттарының беки түсуіне септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараға қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының аяқталуымен құттықтады.

– Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Ерлік – елдің қасиеті» деген қанатты сөзі бар. Елге қызмет білімге ұмтылудан, қоршаған ортаға қамқор болудан, келешек алдындағы жауапкершілікті терең сезінуден басталады. Сондықтан әрбір Отан қорғаушы азамат көзі ашық, көкірегі ояу, елге жанашыр, антқа адал, талапты әрі табанды болуға тиіс. Осы күндері сіздер нағыз достық пен өзара құрметтің, ұйымшылдық пен мызғымас бірліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер. Жарайсыздар! Жеңімпаз болған командаларды шын жүректен құттықтаймын! Рухты жастардың осылай бір алаңда бас қосып, тәжірибе алмасуы мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық пен сенімді нығайта түсері сөзсіз. Әр сарбаздың айбыны асқақ болсын! Баршанызға сәттілік тілеймін! Қасиетті Отанымыз – Қазақстанның аспаны ашық, болашағы жарқын болсын! – деп түйіндеді сөзін Президент.

«Egemen Qazaqstan» №119.

■ Ұрпақтар сабақтастығы

Отбасы құндылықтарын сақтау мен оны дамыту өзекті мәселе. Әр шаңырақта әке мен шешенің өз орны бар. Дегенмен, бұл орайда бар салмақ алдымен әкеге түсетіні анық. «Ұяда не көрсө ұшқанда соны іледі»-дегендей, әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз бой түзейді. Ата-ананың басты мақсаты зерделі ұрпақ тәрбиелеу ғой. Жанұядағы әке мен ананың өз орындарын білуі бірін-бірі қадірлеуінде.

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

немесе жалғасын табар игі дәстүр жайында

Әкенің балаға берер үлкен сыйы - жақсы тәрбие. Жақсы тәрбиеге не жатады? Қазіргі таңда әкенің қоғамдағы рөлі қандай? Бала тәрбиесіне әке қаншалықты араласады?

Міне, осы сұрақтарға байланысты өткен аптада яғни 16 маусымда Целиноград аудандық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Ақмол ауылының орталық кітапханасында «Әкеден ұлағат - балаға мұрағат» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараны кітапхана қызметкерлері Хамитова Бақыт Назымбекқызы мен Елмұрат Фариза Есмаханқызы басқарып, жүргізді. Сондай-ақ, отбасын қолдау орталығының маманы Ортаева Балжан Намазбайқызы, ардагер ұстаз Канапин Серік Аллажарұлы, мәдениет үйінің орынбасары Каненов Олжас Боранбайұлы және осы жолдардың авторы құрметті мейман болып қатысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Тақырыпқа байланысты баяндамалар мен пайымды



пікірлер, сұрақтар мен жауаптар тыңдалды.

Дөңгелек үстелде талқыланған басты мәселе – қоғамдағы әке рөлінің әлсіреуі. Осының салдарынан қоғамдық ортада тәртіп бұзу, тұрмыстағы жанжал, маскүнемдікке және әртүрлі қылмысқа қарсы заңдарды күшейткенімен заң бұзу көбеймесе азаймай тұр.

«Ел болам десең бесіңді түзе» - деген дана халқымыз. Шынайы мәдениет - биік ғимараттар, саябақтар, озық технология мен дүние-мүлік емес, адамның жүрегіндегі мейірімінде, әділеттілігінде, олардың бір-біріне деген құрметінде.

Қоғам қанша өзгерсе де адамдықтың негізі ар-намыста. Сондықтан иман, ұят, ар-ождан парыз, міндет пен құқық ұлттық құндылығымыз басты орында болуы тиіс. Ұлттық құндылық дегеніміз - халқымыздың рухани өзегі дінге, ал бәрінен де ұрпаққа керегі ар мен ұят.

Бүгінгі ұрпақ - ұлттың ертеңгі айнасы. Ұрпақ тәрбиесі жеке отбасындағы іс емес, бұл тұтас қоғам болып атқаратын іс. Біздің ата-бабаларымыз ұлттық құндылық, салт-дәстүр арқылы ұлағатты ұл, инабатты қыз тәрбиелеген. Осыдан келіп некеге берік отбасына жауапты ата-аналар шықты. Әр ата-ананың тәрбиені туған ана тілінде осы құндылықты ұрпаққа сіңіре білсе иманды, жігерлі рухты мықты, саналы тұлғалар қалыптасады. Халқымыз «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды», - деп жайдан жай айтпаған. Әке-асқар тау, отбасының дінге.

Қазіргі заманның өзекті мәселесінің бірі ұлттық құндылықты жаңғырту. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев кезекті құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, әділетті Қазақстан құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы әр азаматтың сана сезімінің жаңғыруы, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруі тиіс екенін, әйтпесе басқа істің бәрі бекер болатынын нақты атап өтті.

«Әкеден ұлағат - балаға мұрағат» тақырыбындағы дөңгелек үстел іс-шарасы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан тартымды, жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті. Осы ретте кітапхана директоры Батракова Валентина Прокофьевнаға, кітапхана қызметкерлеріне, жүргізуші Хамитова Бақыт Назымбекқызына ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

Сайраубек ЖАҚЫПБАЕВ,
Билер алқасы қоғамдық бірлестігінің мүшесі,
аға би.

Ақмол.

■ Игі шара

АУДАНДАҒЫ ӘСКЕРИ БӨЛІМГЕ САЯХАТ

балалар үшін әсерлі мерекеге айналды



Балаларға қамқорлық көрсетіп, жанашырлық таныту – әлеуметтік саясаттың және қоғамдық жауапкершіліктің маңызды бағыты. Осы мақсатта жуырда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін №44813 әскери бөліміне танымдық экскурсия ұйымдастырылып, бұл шара жарқын әрі әсерлі оқиғаға айналды.

Іс-шараны аудандық Жастар ресурстық орталығы аудан әкімінің кеңесшісі А. Хасенованың бастамасымен ұйымдастырды.

Экскурсияның басты мақсаты – балаларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметімен таныстыру, Отан қорғаушыларға деген құрмет сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, сондай-ақ олардың дүниетанымын кеңейтіп, жаңа әсерлер мен пайдалы тәжірибе алуына мүмкіндік жасау болды.

Әскери бөлімге келген сәттен бастап балалар әскери қызметкерлердің шынайы ықыласы мен қонақжайлылығын сезінді. Қонақтар үшін арнайы дайындалған мазмұнды бағдарлама арқылы олар әскери өмірдің ерекшеліктерімен, күнделікті қызмет тәртібімен және әскери мамандықтың қыр-сырымен танысты.

Әсіресе, заманауи әскери техника балалардың қызығушылығын тудырды. Олар әскери техникалар мен қару-жарақ үлгілерін көріп, олардың қызметі мен қолданылу ерекшеліктері туралы ақпарат алды. Көптеген балалар үшін бұл әскери қызметтің тыныс-тіршілігімен алғаш рет жақыннан танысу мүмкіндігі болды.

Экскурсия барысында балалар әскери қызметкерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, ашық сұхбат құрды. Әскери қызметшілер өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәртіптің, жауапкершіліктің және Отанға адал қызмет етудің маңыздылығы туралы әңгімеледі. Осындай еркін әрі мазмұнды қарым-қатынас балалардың әскери мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, ел тыныштығын күзетіп жүрген азаматтарға деген құрметін нығайтты.

Іс-шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – жауынгерлік

даярлықтың жекелеген элементтерін көрсету болды. Әскери қызметкерлердің шеберлігі мен үйлесімді әрекеттерін тамашалаған балалар ерекше әсер алып, әскери қызметтің маңызын тереңірек түсінді. Олардың жүздерінен қуаныш пен таңданысты, ал көздерінен шынайы қызығушылық пен сүйсіністі көруге болды.

Мұндай іс-шаралардың тәрбиелік және әлеуметтік маңызы зор. Олар балалардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, қоғамның қамқорлығын сезінуге, өз мүмкіндіктеріне сенім артуға және жаңа достар табуға ықпал етеді. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мұндай кездесулер әлеуметтік бейімделудің маңызды құралы болып табылады.

Сонымен қатар, экскурсияның патриоттық маңызы ерекше. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихы мен дәстүрлерімен танысу өскелең ұрпақтың туған еліне, оның тарихына және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген азаматтарға деген құрметін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы орайда №44813 әскери бөлімінің басшылығы мен жеке құрамына балаларға көрсеткен ыстық ықыласы, жоғары деңгейдегі ұйымдастыру жұмысы және жылы қарсы алғаны үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Әскери қызметкерлердің кәсібилігі мен қамқорлығының арқасында бұл күн балалар үшін жаңа білім мен жарқын эмоцияларға толы нағыз мерекеге айналды.

Сондай-ақ сапарды ұйымдастыруға қолдау көрсетіп, балаларды тасымалдау үшін көлік бөлген «Батыр» қоғамдық бірлестігіне ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Көрсетілген көмек іс-шараның қауіпсіз әрі жоғары деңгейде өтуіне үлкен үлес қосты.

Осындай игі бастамалар мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың және жанашыр азаматтардың бірлескен еңбегінің арқасында жүзеге асады. Тек күш біріктіру арқылы ғана балаларға жаңа мүмкіндіктер сыйлап, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға болады.

Ұйымдастырылған экскурсия мейірімділік пен қамқорлықтың, шынайы ықыластың балаларға қуаныш сыйлап, болашаққа деген сенімін арттыра алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде бұл күн балалардың жүрегінде ұмытылмас естелік болып сақталып, оларға көптеген бақытты сәттер сыйлады.

Мұндай кездесулер әрқайсымызға мейірімділік пен әлеуметтік жауапкершіліктің қаншалықты маңызды екенін еске салады. Себебі әрбір бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезініп, қолдау мен қамқорлыққа ие болған кезде ғана жарқын болашаққа нық қадам басады.

Осындай игілікті шаралар, балалардың жүзіндегі қуанышты шат күлкі бізді жаңа бастамаларға, қайырымды істерге және қоғам игілігі жолындағы маңызды жобаларға шабыттандырады.

Әлия ӘПСАТҚЫЗЫ,
Жастар орталығының
маманы.

Ақмол.

■ Өзекті

Атаулы әлеуметтік көмек Кодекстің 120-бабының 4-тармағына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде беріледі.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адам (отбасы) атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпарат алу үшін тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына, ал тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне (бұдан әрі – әкім) жүгінеді.

Консультацияны мансап орталығында консультанттар, ал адам әкімге жүгінген жағдайда ассистенттер береді.

Өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін портал арқылы жүгінеді.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін ұсынылған «портал» арқылы келіп түскен электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;
- 3) отбасының барлық мүшелерінде бір елді мекен шегінде тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркелуінің болуы.

Учаскелік комиссия әкімнен немесе мансап орталығынан атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті, құжаттардың электрондық көшірмелерін, мемлекеттік органдар мен (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың көшірмелерін алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, оның нәтижесі бойынша қорытынды дайындап, оны әкімге немесе мансап орталығына береді.

Өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру өтініш берушінің, ал ол болмаған жағдайда – отбасының кәмететке толған әрекетке қабілетті мүшелерінің біреуінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Адамға (отбасына) берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа табыс пен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген отбасы мүшелерінің әрқайсысына қарай белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма түрінде есептейді.

Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі балаларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезеңіне әрбір балаға 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем (бұдан әрі – балаға ай сайынғы қосымша төлем) төленеді.

Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) көрсетіледі. Оларға:

- 1) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызділікті және (немесе) жалғыз тұратын кірісі аз адамдарға;

Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына;

бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне; екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты;

2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж картқа күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Шартты ақшалай көмек жалғызділікті немесе жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері), оның ішінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлем төлеуші болып табылатын жеке тұлғалар бар табысы аз отбасыларға ол (олар) жұмыспен қамту шараларына қатысқан кезде және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажет болған кезде ай сайынғы төлемдер түрінде көрсетіледі.

Шартты ақшалай көмекті тағайындау шарты: әлеуметтік келісімшарт жасасу, онда тараптардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары мен әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысуы бойынша тараптардың міндеттемелері көрсетіледі;

табысы аз отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысуы.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу табысы аз отбасының мынадай мүшелеріне:

- бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- күндізгі оқу бөлімінің оқушыларына, студенттеріне, тыңдаушыларына, курсанттарына, магистранттарына;
- екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар адамдарға;
- үш жасқа дейінгі балаға күтімді жүзеге асыратын ата-ананың біреуіне, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан карттарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға;

тұрақты жұмысы бар адамдарға шартты ақшалай көмек төлеу үшін міндетті шарт болып табылмайды.

Үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж сексен жастан асқан карттарға күтімді жүзеге асыраушыға отбасының еңбекке қабілетті бір ғана мүшесі жатқызылуы мүмкін.

С. НАЗАРОВА,

Әлеуметтік нормативтер және әлеуметтік көмек көрсету секторының меңгерушісі.

Ақмол.



■ **Қоғамдық сананы жаңғырту****БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ — АУДАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ**

Мемлекетіміздің ең басты байлығы – бейбітшілік, келісім және халық бірлігі. Дәл осы құндылықтардың арқасында Қазақстан тәуелсіздігін нығайтып, қарқынды дамып, әрбір азаматтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап келеді.

Целиноград ауданы – түрлі этностар мен конфессия өкілдері өзара сыйластық пен татулықта өмір сүріп жатқан өңірлердің жарқын үлгісі. Бүгінде ауданның 21 ауылдық округі мен 49 елді мекенінде 121 мыңнан астам адам тұрады. Олардың қатарында қазақтар, орыстар, немістер, украиндар, татарлар, кәрістер, өзбектер, әзербайжандар, шешендер, армяндар, поляктар және басқа да көптеген этнос өкілдері бар. Барлығы туған өлкенің өркендеуі жолында еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелеп, ортақ болашақты бірге қалыптастыруда.

Аудандағы тұрақты этносаралық ахуал – жергілікті атқарушы органдардың, білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала мекемелерінің, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың жүйелі және мақсатты жұмысының нәтижесі. Қоғамдық келісімді нығайтуға Ақсақалдар кеңесі, Билер алқасы, Аналар және Әкелер кеңестері де елеулі үлес қосып келеді. Олардың қызметі отбасылық құндылықтарды сақтау, жастар тәрбиесі және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қоғамдық өмірдің маңызды орталығының бірі – Қабанбай батыр ауылындағы Достық үйі. Мұнда түрлі этнос өкілдерінің қатысуымен тұрақты түрде іс-шаралар өткізіледі. Биыл «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» атты дөңгелек үстел, «Бережелі бірлік – бақытты болашақ» аудандық фестивалі және тұрғындар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған бірқатар мәдени-ағартушылық шаралар ұйымдастырылды.

Қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге медиация институтын дамыту ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда ауданда 33 қоғамдық медиатор жұмыс істейді. Олар отбасылық-тұрмыстық, жер, мүлік және өзге де даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге көмектеседі.

Биыл Әкелер кеңесі мен Аналар кеңесі де ауқымды жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, «Әке, мен сенің өміріңнің жалғасымын» атты облыстық әкелер форумы, «Әке жолы – ізгі жол» спорттық турнирі, «Достық думан», «Ана – өмірдің шуағы», «Отбасы – тәрбие ірге тасы» атты аудандық байқаулар, сондай-ақ көпбалалы отбасыларды қолдауға бағытталған қайырымдылық және әлеуметтік акциялар өткізілді.

Ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап Целиноград ауданында этносаралық қатынастар бағыты бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы (АТТ) белсенді жұмыс жүргізуде. Мен АТТ мүшесі ретінде аудан тұрғындарымен, жастармен, еңбек ұжымдарымен және қоғамдық ұйымдар өкілдерімен кездесулерге қатысып келемін. Біздің басты



мақсатымыз – қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, этносаралық бірлікті нығайту, жанжалдардың алдын алу және өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру.

Кездесулер барысында біз бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелерін, Қазақстан халқының бірлігін нығайтудағы әр азаматтың рөлін, түрлі этностар мен діни сенім өкілдеріне құрметпен қараудың маңыздылығын талқылаймыз. Бұл ретте жастарға ерекше көңіл бөлінеді, өйткені еліміздің болашағы дәл осы жас ұрпақтың қолында.

Қазіргі таңда интернет пен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы жағдайында сыни ойлау қабілетін қалыптастыру, жалған ақпараттың таралуына қарсы тұру және араздық пен жанжалға итермелейтін арандатушылық әрекеттерге ермеу аса маңызды. Біз жастар мен аудан тұрғындарын бір-біріне құрметпен қарауға, өзара көмек пен достық дәстүрлерін сақтауға шақырамыз.

Қоғамдық келісімді нығайтуға мәдени, спорттық және волонтерлік жобалардың да қосар үлесі зор. Осындай бастамалардың арқасында түрлі жастағы және әртүрлі этнос өкілдері ынтымақтастыққа, өзара түсіністікке және ортақ болашақ үшін жауапкершілікке үйренеді.

Бүгінде бейбітшілік пен келісім Целиноград ауданының тұрақты дамуының берік негізі болып қала береді деп нық сеніммен айтуға болады. Біздің ортақ міндетіміз – осы құндылықтарды сақтап, жас ұрпақтың бойына патриотизмді, Қазақстандағы барлық халықтардың мәдениетіне құрметті және ел болашағына деген жауапкершілікті сіңіру.

Тек бірлік пен ынтымақ арқылы ғана ауылдарымыздың, ауданымыздың және бүкіл Қазақстанның одан әрі дамуын қамтамасыз ете аламыз.

Пестифаль БОЛАТ,
аудан сарапшысы, АТТ мүшесі.

■ **Мемлекеттік Кірістер басқармасы****МОБИЛЬДІ ФРОНТ-ОФИС**

Ағымдағы жылдың 17 маусымында Ақмола облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы өңірлік филиалы ұйымдастырған «Мобильді фронт-офис» жобасы аясында кәсіпкерлік субъектілеріне арналған көшпелі ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өтті.

Іс-шараға Целиноград ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары А.М. Дүйсебеков қатысты.

Жоба ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ бизнес өкілдерін кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қолданыстағы құралдары туралы ақпараттандыруға бағытталған.

Мұндай іс-шараларды өткізу мемлекеттік органдар, даму институттары және өңірдің кәсіпкерлер қауымдастығы арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға ықпал етеді.

Е. ЕРАЛЫ.

**Хабарланыру**

ЖК «ЗУБАИРАЕВ САЛМАН АЛИКОВИЧ» «Ақмол облысы Целиноград ауданында Южное Нуринское кен орнының құрылысын құмын өндіруге арналған» көзделіп отырған қызметтің Ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

-14.08.2026 15:00 Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Рақымжан Қошқарбаев а.о., Рақымжан Қошқарбаев ауылы, Тәуелсіздік 25 жыл к-сі, 1-құрылыс (әкімдік)

-14.08.2026 11:00 Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а.о., Қабанбай батыр ауылы, Бірлік к-сі 1а, Мәдениет үйі

Төтенше жағдай немесе шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы бойынша бейнеконференция форматында өтеді:

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkw d0pyQkQxbFdvMnIa0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: ЖК ЗУБАИРАЕВ САЛМАН АЛИКОВИЧ

ЖСН: 910831350540, Мекен-жайы. ҚР, Астана қаласы, Сәкен Жүнісов к-сі, 20Б үйі. Ұялы тел. +7 778 949 3029.

Әсер ету аймағы:

- ҚР, Целиноград ауданы, Ақмола облысы.

Кен орны орталығының географиялық координаттары: 1. 50° 47'21.48» 71°24'4.47» 2. 50° 47'6.48»71° 24'9.32» 3. 50° 47'0»71° 24'4.46» 4. 50° 47'8,57»71° 24'3.97»;

Жобалық құжаттама нысанын әзірлеуші: «ЕСО project of city» ЖШС, БСН 150640014249, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжайы: sema-200992@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» upr.expertiza@mail.ru бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша алуға болады: sema-200992@mail.ru.

**КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ — МАҢЫЗДЫ ІС**

Жуырда Целиноград ауданы әкімдігі «QAZAQ ECO FARM» СПК базасында «Күшті бизнес

күшті аймақ: инвестиция, серіктестік, даму» тақырыбында кәсіпкерлер форумы өтті.

Форум кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар, даму институттары арасындағы ашық диалог алаңына айналды. Шара барысында бизнесті мемлекеттік қолдау, жобаларды қаржыландыру, аймаққа инвестиция тарту арқылы агробизнесті дамыту мәселелері сөз болды.

Жиналғандар алдында Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғали сөз сөйледі. Сондай -ақ, «ДАМУ» ФРП» АҚ, Ақмола облысы кәсіпкерлік пен өнеркәсіптік басқармасы, «СПК KOKSHE» АҚ және «Аграрлық несиелік корпорация» АҚ өкілдері өз тұсаукесерлерін паш етті.

Осы орайда «Даму» қорының Ақмола облысында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бағытында мобильді фронт-офисі жобасын ашқандығын айта кету керек. Жоба мемлекеттік қолдау шараларын қолжетімді ету, әсіресе шағалы елді мекендердегі кәсіпкерлерге көмек көрсетуге арналған.

Мен өз сөзімде мына жайларды тілге тиек еттім. Біз мемлекеттік қолдау, жеңілдетілген несие, инвестициялық бағдарламалар және бизнесті қаржыландыру құралдары туралы хабарлар болды.

Алайда, күнделікті практикада қаржы алу немесе жобаны жүзеге асыру тек жұмыстың жартысы ғана екендігін айтқа кетуіміз керек. Екінші бір мәселе – әкімшілік кедергілерден өту, кәсіпкерлердің заңды құқықтарын қорғау және жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде бизнесті жүргізуге көмек көрсету.



Міне, Ақмола облысы, Целиноград ауданының кәсіпкерлер палатасы осы міндеттерді орындайды.

Кез келген қолдау шарасы оны кәсіпкер нақты пайдалана алғанда ғана құнды болмақ. Біздің міндетіміз – бизнеске қолдау көрсетіп, осы жолды әкімшілік кедергілерінсіз жүріп өтулеріне, олардың заңды құқықтарын қорғап, өз жобаларын жүзеге асыруларына жәрдем беру.

Бизнесті қолдау – тек несие мен субсидия ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, олардың әкімшілік кедергілерден өтіп, өз жобаларын жүзеге асыруларына көмек көрсету.

Барлық кәсіпкерлерге ажол, көздеген мақсаттарына жетіп, зор жетістіктерді бағындыруларына тілектеспін.

Өздеріңізді қызықтырған мәселелер бойынша Целиноград аудандық филиалына хабарласуларыңызға болады: Ақмол ауылы, тел. 8 (71651) 79-021.

Е. ТӨЛЕШОВ,

Кәсіпкерлер палатасы Целиноград аудандық филиалының директоры.



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күелігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 126.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

